



Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты

ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т. 29 (2)

ISSN 1814-6961
E-ISSN 2788-9718



- ТАРИХ
- ЭТНОЛОГИЯ
- АРХЕОЛОГИЯ

ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т.29 (2)



ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы
Отечественная история
History of the Homeland

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2026. Т. 29 (2)



Published in the Kazakhstan
Otan tarikhyy
Has been issued as a journal since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2026. Vol. 29. Is. 2. Pp. 724–734
Journal homepage:
<https://otan.history.iie.kz>



FTAХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2026_29_2_724-734

ЖАЗЫҚСЫЗ ЖАЗАЛАНҒАНДАР: «ОТАН САТҚЫНДАРЫНЫҢ ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫНЫҢ ӘЙЕЛДЕР ТАҒДЫРЫНА ТИГІЗГЕН АУЫР ӘСЕРІ

Малика Ауезханқызы Шашаева

Алматы Технологиялық Университеті (100 ұй, Төле би көш., 050012 Алматы, Қазақстан)

PhD доктор, ассистент профессор

<https://orcid.org/0000-0001-7342-2587>. E-mail: ma.shashaeva@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2026

© Шашаева М.А., 2026

Аңдатпа. *Кіріспе.* Мақалада сталиндік қуғын-сүргін саясатына ұшыраған Қазақстандағы әйелдердің тағдыры талдауға алынды. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері:* XX ғасырдағы қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдердің тағдырын зерттеу болып табылады. *Материалдары мен әдістері.* Деректік базасы ретінде саяси-қуғын сүргінге ұшыраған отбасылар ішіндегі әйелдердің XX ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы жағдайы туралы архив деректері, материалдар мен құжаттар қарастырылды. Тарихилық және ғылыми объективтілік әдісін негізге ала отырып, Кеңес өкіметінің 20-30 жылдарындағы қуғын-сүргін саясатының себеп-салдары мен өршу кезеңі зерттелді. *Нәтижелері:* 1934 жылы КСРО Орталық Атқару Комитеті «Мемлекеттік қылмыс жасау туралы» ережеге «Отан сатқындарының отбасы мүшелері» туралы қосымшаны қабылдауының нәтижесінде саяси режимге қарсы келген «халық жауларының» отбасы мүшелері де айыпталып, қудаланды. *Қорытынды:* Тарихнамалық зерттеулер мен архив қорларының деректерін салыстырмалы талдау нәтижесінде «Отан сатқындарының отбасы мүшелері» заң талаптарына сәйкес күйеуінің немесе әкесінің, ағасының жасаған қылмысы үшін әйелдер тең жағдайда жазаға тартылған. Бұл өз кезегінде демографиялық ахуалдың күрт нашарлауына, саяси элитаның көзін жоюға өз ықпалын тигізе отырып, еңбекпен түзеу лагерлеріндегі әйелдердің тегін еңбек күшін пайдалануға жол ашты.

Түйін сөздер: саяси қуғын-сүргін, Алаш зиялылары, саяси лагерлер, Отан сатқындарының отбасы мүшелері, АЛЖИР.

Дәйексөз үшін: Шашаева М.А. Жазықсыз жазаланғандар: «Отан сатқындарының отбасы мүшелері туралы» заңының әйелдер тағдырына тигізген ауыр әсері // Отан тарихы. 2026. Т. 29. № 2. 724–734-бб. [Қаз.]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_2_724-734

НАКАЗАННЫЕ БЕЗ ВИНЫ: ТЯЖЁЛОЕ ВОЗДЕЙСТВИЕ ЗАКОНА «О ЧЛЕНАХ СЕМЕЙ ИЗМЕННИКОВ РОДИНЫ» НА СУДЬБЫ ЖЕНЩИН

Малика Ауезханқызы Шашаева

Алматинский Технологический Университет (д. 100, ул. Төле би, 050012 Алматы, Казахстан)

PhD доктор, ассистент профессор

<https://orcid.org/0000-0001-7342-2587>. E-mail: ma.shashaeva@mail.ru

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Шашаева М.А., 2026

Аннотация. *Введение.* В статье анализируется судьбы женщин Казахстана, подвергшихся сталинской политике репрессий. *Цель и задачи исследования.* Целью исследования является изучение судьбы женщин, ставших жертвами политических репрессий в XX веке. *Материалы и методы.* В качестве источниковой базы использованы архивные материалы, документы и данные, отражающие положение женщин в семьях, подвергшихся политическим репрессиям в 1920–1930-е годы. На основе принципов историзма и научной объективности исследуются причины, последствия и этапы эскалации репрессивной политики Советской власти в 1920–1930-е годы. *Результаты.* В результате принятия в 1934 году Центральным Исполнительным Комитетом СССР дополнения к Положению «О государственных преступлениях о «членах семей изменников Родины» члены семей так называемых «врагов народа», выступавших против политического режима, также подверглись обвинениям и репрессиям. *Заключение.* Сравнительный анализ историографических исследований и архивных источников показывает, что в соответствии с правовыми нормами о «членах семей изменников Родины» женщины привлекались к ответственности наравне с мужчинами за преступления, совершённые их мужьями, отцами или братьями. Это, в свою очередь, способствовало резкому ухудшению демографической ситуации, ликвидации политической элиты, а также создало условия для использования бесплатной женской рабочей силы в исправительно-трудовых лагерях.

Ключевые слова: политические репрессии, алашская интеллигенция, политические лагеря, члены семей изменников Родины, АЛЖИР.

Для цитирования: Шашаева М.А. Наказанные без вины: тяжёлое воздействие закона «О членах семей изменников Родины» на судьбы женщин // Отан тарихы. 2026. Т. 29. № 2. С. 724–734. [Каз]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_2_724-734

PUNISHED WITHOUT GUILT: THE SEVERE IMPACT OF THE «FAMILY MEMBERS OF TRAITORS TO THE MOTHERLAND» LAW ON WOMEN'S FATES

Malika Auezkhankyzy Shashayeva

Almaty Technological University (100, Tole bi str., 050012, Almaty, Kazakhstan)

PhD, assistant professor

<https://orcid.org/0000-0001-7342-2587>. E-mail: ma.shashaeva@mail.ru

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2026

© Shashaeva M.A., 2026

Abstract. *Introduction.* The article analyzes the fate of women in Kazakhstan who were subjected to Stalinist political repression. *Purpose and objectives of the research.* The purpose of the study is to investigate the fate of women who became victims of political repression in the twentieth century. *Materials and Methods.* The source base of the study consists of archival materials, documents, and records concerning the situation of women within families affected by political repression during the 1920s–1930s. Methodological framework of the research based on the principles of historicism and scientific objectivity, the causes, consequences, and stages of escalation of the Soviet repressive policy during the 1920s–1930s are examined. *Results.* As a result of the adoption in 1934 by the Central Executive Committee of the USSR of an amendment to the Regulation “On State Crimes” concerning the “family members of traitors to the Motherland,” the relatives of so-called “enemies of the people” who opposed the political regime were also accused and persecuted. *Conclusion.* A comparative analysis of historiographical studies and archival sources demonstrates that, in accordance with the legal provisions on the “family members of traitors to the Motherland,” women were subjected to punishment on equal terms for crimes committed by their husbands, fathers, or brothers. This policy contributed to a sharp deterioration in the demographic situation, facilitated the elimination of the political elite, and created conditions for the exploitation of women’s unpaid labor in corrective labor camps.

Keywords: political repression, Alash intelligentsia, political labor camps, family members of traitors to the Motherland, ALZHIR.

For citation: Shashaeva M.A. Punished Without Guilt: The Severe Impact of the «Family Members of Traitors to the Motherland» Law on Women’s Fates// Otan tarihy. 2026. Vol. 29. № 2. Pp. 724–734. [in Kaz.]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_2_724-734

Кіріспе. Біз көтеріп отырған тақырыптың өзектілігі, ең алдымен ел басына түскен ауыртпалықтардың нақты тарихи кезеңіндегі, яғни, жаппай қуғын-қуғын сүргіннің өршуі кезіндегі әйелдер тағдырының, өлім мен өмір арасындағы көрінісі мен қасіретін деректер арқылы айқындаудан туындап отыр. Бұның астарында демографиялық дағдарыстан бастап, әлеуметтік-экономикалық құлдыраудан бөлек, жазылмас жараға айналған психикалық трамваның өзі бөлек зерттеу негізі болып табылады.

Кеңес Үкіметтің қабылдап жатқан заңдары, қаулылары, қарарлары халықтың жағдайын жақсатудың орнына нағыз өшпенділік құралындай оларды қарсылық көрсетуге мұршасы жоқ мылқау өндіргіш күштер деңгейіне түсірді. Зерттеудің де мақсаты оның зардаптары әйелдер тағдырына қаншалықты әсер еткенін құжаттық негізде талдау болып табылады.

Кеңес үкіметі марксистік теорияларды ұран ретінде қолдана отырып, саяси режимге қарсы келген кез-келген адамды ойланбастан жоюға тырысты. Кеңес үкіметінің алғашқы құжаттарының бірі – В.И. Лениннің 1917 жылғы 5 қарашадағы «Халыққа» үндеуінде – «халық ісіне зиян келтіруге ниеті бар кез келген адамды революциялық сотқа беру...» ұсынылды [Анашкин, 1969: 226]. Сондай-ақ Ленин «тәртіпті дұрыстаудың ең қатал шараларын» талап етуі соның айғағы [Ленин, 1977: 217].

Мемлекеттің билігі бірте-бірте халықты толық өз бақылауында ұстап отырған таза тоталитарлық жүйеге өзгерді. Саяси қуғын-сүргін тоталитарлық режимнің ажырамас бөлігіне айналды. Кеңес билігіне қарсы келгендерді бірден жою үшін үлкен террор ұйымдастырылып, мыңдаған адам жапа шекті. Алайда, жазаға «халық жаулары» ғана емес, олардың отбасы мүшелері де тартылды.»

Бұл коммунистердің алғаш билікке келгеннен бастап әйелдерге қатысты жүргізген «теңдік беру» науқанына қарама-қайшы еді. 1917-1918 жылдарындағы кеңес үкіметінің «әйелдер теңдігі» туралы алғашқы декреттері әйелдердің қоғамдағы өзіндік жеке орны бар екенін көрсете отырып, білім мен еңбек етуге мүмкіндік берді. Бұл – әсіресе Шығыс әйелдері үшін маңызды қадамдардың бірі еді. Кеңестік саясаттың қоғамда дүрбелең туғызған осындай феминистік идеяларын тарату үшін тіпті арнайы әйелдер бөлімі де құрылған еді.

Дегенмен, XX ғасырдың 30-шы жылдары бұл өзгеріс мүлдем өзге арнаға ауытқыды. 1934 жылы КСРО Орталық Атқару Комитеті «Мемлекеттік қылмыс жасау туралы» ережеге «Отан сатқындарының отбасы мүшелері» туралы қосымша қабылданды. Соған сәйкес, «халық жауының» саяси құқықтарынан, бас бостандығынан айырылған отбасы мүшелерінің мал-мүлкі тәркіленіп, ал өздері болса, Сібірге немесе еңбекпен түзеу лагерьлеріне айдалды [Волкогонов, 1989: 209]. Бұл қосымшаның қабылдануымен кеңес билігі шын мәнісінде ешқандай да «әйел теңдігі» саясатын қолдамайтынын нақты дәлелдеп берді: әйел – бөлек тұлға емес, күйеуінің өміріндегі қосымша ретінде болды. Жарының мемлекет алдындағы кінәсіне әйелі де, туған-туысы, бала-шағасы жауапты саналды.

Нәтижесінде, кеңестік идеологияға қарсы келген осындай ұлт зиялыларының алғашқы толқыны отбасыларымен бірге жазаға ұшырады. Бүкіл ел көлемінде етек алған қуғын-сүргін жылдары басқа да ұлт өкілдерімен қатар, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Т.Жүргенов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров сияқты алдыңғы қатардағы, озық ойлы қазақ зиялы элитасының басым бөлігі науқан құрбандарына айналды [ҚР ПА. 708 қ., 1-т., 4-іс, 34-41-п.].

Осылайша, репрессиялық шараларды жүзеге асыру барысында тоталитарлық жүйе азаматтардың жеке өміріне араласып, құқықтық нормаларды өз мүддесіне сай өзгерту арқылы жазалау саясатын заңдастырды. Міне сондықтан, аталған кезеңдегі әйелдердің тағдыры тікелей күйеуінің, әкесінің немесе ағасының қызметіндегі жіберілген саяси қателіктерінің билік тарапынан қаншалықты шынайы бағалануына тәуелді болды. Бұдан былай, «Отан сатқындарының отбасы мүшелері» заңының негізінде ешбір қылмысы болмаса да әйелдер «халық жауы» аталғанның анасы, әйелі, әпкесі немесе қызы болғаны үшін ғана жазаға тартылған еді.

Қазан төңкерісінен кейін, «ескінің қалдығына» шырмалған әйелдерге ерлермен бірдей теңдік сыйлауға кіріскен Кеңес үкіметі іс жүзінде жазықсыз қудалап, тегін еңбек күшіне айналдырды. Кезінде ұран болған «әйел мәртебесі» аяққа тапталып, еш кінәсіз әйелдерді тағдыр тәлкегіне салды. «Отан сатқындарының отбасы мүшелері» қосымшасы қабылданғаннан кейін Ішкі Істер Халық

комиссариатына билік тізгіні берілді. Осыдан кейін елімізде отбасылар ойрандалып, ерлерін қамауға не ату жазасына кесіп, әйелдерін лагерге, балаларын балалар үйіне өткізді.

Материалдар мен әдіс-тәсілдері. Зерттеудің материалдық базасын Қазақстан Республикасының Президент Архивінің 708-ші, Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік архивінің 1541-ші және Қарағанды облысы Прокуратурасы жанындағы құқықтық статистика мен ақпараттар архиві орталығының 16 қорындағы деректер негіз болды. Бұл құжаттарда біз қарастырып отырған кезеңдегі әйелдерге қатысты жазалау, еңбекпен түзеу лагерлеріндегі қазақ әйелдерінің ауыр еңбекпен жаншылуы, ауыр тұрмысы нақты архив деректерімен дәйектелді.

Зерттеу тақырыбы бойынша құнды дереккөздер ретінде еңбекпен түзеу лагерлеріндегі шынайы жағдайды баяндайтын әйелдердің естеліктері, атап айтқанда, З. Тінәлианың, Г. Серебрякованың жазбалары қарастырылды. Сонымен қатар, XX ғасырдың 20–50-жылдарындағы саяси қуғын-сүргінге ұшыраған куәгерлер мен олардың ұрпақтарының естеліктері мен сұхбаттары жинағы және саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары да зерттеуге арқау болды.

Мақаланы жазуда тарихилық және ғылыми объективтілік әдіс-тәсілдері негізге алынды. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы қуғын-сүргін мәселелері дәйекті түрде: мәселенің тууы, оның ұзақ жылдар мерзімінде даму ерекшелігі, нақты тарихи жағдай ықпалында өзгеруі мәселелері зерттелді.

Мақалада зерттеудің теориялық-методологиялық ұстанымдарының кешенділік, жүйелілік және тарихи-салыстырмалы тәсілдері – XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы бүкіл КСРО көлеміндегі қуғын-сүргіннің бастапқы кезеңінің Қазақстандағы билік басындағылардан бастап қатардағы азаматтарға, қоғамға, отбасыға және әйелдерге тигізген әсері мен салдарын және оның қазіргі таңда әйелдер тағдырына қатысты зерттелу деңгейін анықтап, объективті бағасын беруге мүмкіндіктер ашады.

Талқылау. Мақаланы жазу барысында Кеңес өкіметінің күйреуіне дейінгі еңбектер сарапталды. Г.З. Анашкин өзінің «Отанға опасыздық және тыңшылық үшін жауапкершілік» атты еңбегінде кеңестік заң бойынша «Сатқындар мен тыңшылардың» бейнесін, себеп-салдары мен оларға қарастырылған жазаны нақтылап көрсетеді [Анашкин, 1969]. Ал Д.А. Волкогонов өз зерттеуін И.В. Сталинның тұлғасына табыну генезисіне арнап, оны құдайға теңеудің кесірі бүтін халықтың трагедиясына алып келгенін, 30-шы жылдардағы елдегі заңсыздықтар соның салдары ретінде көрсетіледі. Автор әкімшіл-әміршіл жүйенің тоталитарлық саясаты жазықсыз жапа шеккен адамдардың қасіретіне айналғанын объективті фактілермен дәлелдейді [Волкогонов, 1989].

Қуғын-сүргін саясатын зерттеу үшін большевиктердің алғашқы қабылдаған заңнамалары мен үкімдері зерттелді. Қоғамды өзгертіп, жаңа билікті орнатуда зорлық пен құдалаудың алғышарттары В.И. Лениннің алғашқы үндеуінен байқалады [Ленин, 1977]. Сонымен қатар, мақалада отандық зерттеушілердің еңбектеріндегі Кеңес өкіметінің «ОСОМ» (Отан сатқындарының отбасы мүшелері) санатына деген көзқарасы және оларды қоғамнан оқшаулап, лагерьлерге жазаларын өтеуге жіберу саясаты талдауға алынады. Мәселен, А.Р. Кукушкина өз зерттеуін лагерлік жазалау механизм саясаты, Ақмола лагерінде жазаларын өтеген әйелдердің әлеуметтік шығу тегі мен түзеу лагеріндегі жағдайы тақырыбында өрбітсе [Кукушкина, 2008], Д. Шаймуханов пен С. Шаймуханова «Узницы Карлага (Карлаг тұтқындары)» атты еңбегінде Қарағанды еңбекпен түзеу лагерінің құрылу тарихы мен қудаланған әйелдер мен балалардың тағдыры негізге алынады [Шаймуханов, Шаймуханова, 1997]. Ал М.М. Қозыбаева әйелдердің қудалау мен лагерлік өмірін сараптау үшін олардың мерзімдік басылымдарда жарияланған естеліктерін қолдана отырып, қуғын-сүргін саясаты отбасы құндылықтары мен туыстық қатынастың жойылу салдарына әкелгенін дәлелдейді [Қозыбаева, 2017].

Зерттеу нәтижелері. Жаппай саяси қуғын-сүргін кезеңінде өзге көзқарасы бар адамдар тоталитарлық жүйенің идеологиялық және қуғын-сүргін тетіктері арқылы саяси және діни сенімдері, сондай-ақ этникалық және әлеуметтік мәртебесіне байланысты жүйелі түрде қудалауға ұшырады. Қазақстандағы мемлекеттік басқару институттарының жоғары буынына қарсы бағытталған саяси репрессиялық науқандар барысында көрнекті партиялық, мемлекеттік және қоғамдық-саяси қайраткерлер жаппай жазаланды. Саяси жүйеге бірауыздан құлшылық етіп бағынатын халықты қалыптастыру мақсатында жазалау шаралары тек айыпталған тұлғалармен шектелмей, олардың отбасы мүшелерін, соның ішінде жұбайлары, балалары мен жақын туыстарын да қамтыған ұжымдық жауапкершілік қағидатына негізделді.

Кеңестік тоталитарлық жүйенің әйелдерге қатысты ең бір ауыр бұйрықтарының бірі №00486-ші (15.08.1937 ж.) шұғыл жарияланған: «Отан сатқындарының, правотроцкистік тыңшылардың барлық әйелдерін күйеулерімен бір уақытта тұтқындау» болды. Келесі жылы, Ішкі істер халық комиссариатының қосымша (17.09.1928) бұйрығымен: «халық жауларының әйелдерін тұтқындау және қуғын-сүргін мәселесі агенттік жолмен алынған материалға, олардың күйеулерінің контрреволюциялық жұмысына қатысу дәрежесіне, бірге тұру ұзақтығына сүйене отырып, әр жағдайда тиісті Ішкі істер халық комиссариаты тарапынан шешілуі керек» делінді [Мемориал..., 1999: 21–23].

Қуғын-сүргіннің құрбандары қатарында «Халық жауларының» әйелдері ғана емес, жазықсыз кінә тағылғандардың арасында айыпталушылардың аналары, әпкелері, қыздары да болды, бұлардың бәріне бірдей «Отан сатқындарының отбасы мүшелері» (ОСОМ) деген ортақ ат беріліп жазаға тартылған.

Жоғарыда атап көрсеткен Бүкілодақтық коммунисті партияның орталық комитетінің Саяси Бюросының 1937 жылғы 15 тамыздағы шешімінен кейін, Ішкі істер халық комиссариатының (ПХК) «аса құпия» деп аталатын №00486 бұйрығына сәйкес, «сатқынның» бүкіл сырын білетін және оның қолдаушысы ретінде әйелін, анасын, әпке-қарындастары мен қызын жазаға тартуға негіз боларлық дәлелдер келтірілген хаттамалар толтырылып, істері сотқа жіберілді, ал оның соңы белгілі еді [ҚРОМА. 1541 қ., 1-т., 1-іс, 34-п.]. Кейбір жағдайларда тергеу ісін асығыс жүргізген немесе кәсіби даярлығы төмен тергеушілер тарапынан ресімделген хаттамалар мен прокурорлық қадағалау органдарына жолданған анықтамаларда ішкі логикалық қайшылықтардың, сондай-ақ фактілік негізі жоқ, қолдан құрастырылған деректердің кездескенін жоққа шығару мүмкін емес. Ал тергеу процесінің ұйымдастырылу ерекшеліктері, айыпталушылардан кінәні мойындату мақсатында қолданылған қысым көрсету тетіктері мен физикалық және психологиялық зорлық-зомбылықтың шектен тыс қаталдығы туралы мәселелер отандық және шетелдік тарихнамалық еңбектерде жан-жақты талданып көрсетілген.

Сонымен қатар №00486 бұйрыққа сәйкес жазалау шараларынан босатылғандар санатына жүкті әйелдер, емшектегі балалары бар аналар, күтімді қажет ететін ауыр немесе жұқпалы дертке шалдыққан науқастар, егде жастағы адамдар, сондай-ақ күйеулерінің үстінен арыз түсіріп, тергеу органдарымен ынтымақтастық орнатқан және мәжбүрлеу фактілерін әшкерелеген әйелдер енгізілді. Алайда тұтқындау әрекеттері жүзеге асырылған сәтте міндетті түрде жан-жақты және қатаң тәртіптегі тінту шаралары қатар жүргізілді.

Тергеу іс-шараларының жүргізілуі барысында жазаға тартылған тұлғалардың отбасы мүшелерінің тұрғылықты мекенжайларында тінту амалдары жүзеге асырылып, қылмыстық жауапкершіліктің толық көлемі айыпталушылардың мойнына жүктелді. Әйелдер қамауға алынып, сот процесі кезінде айыптаушы тараптың айыптау қорытындысы жарияланып, соның негізінде жазаны өтеу мерзімі белгіленді. Аталған тергеу материалдарына сүйене отырып, формалды сипаттағы қысқаша айыптау қорытындылары жасакталды [Кукушкина, 2008: 76–80].

Бұрынғы тұтқын әйелдердің естеліктерінде 1937–1938 жылдары тергеуге алынған әйелдердің саны шектен тыс мөлшерде екені байқалады. 5-10 адамға арналған камерада 70-тен астам әйел камалды. Толассыз әкелініп жатқан әйелдер тар камераларда, сыймағандары үсті-үстіне кіреберістерде жатуға мәжбүр болған [Серебрякова, 1989: 22].

Ішкі істер халық комиссариатының № 00486 бұйрығында көрсетілген «Халық жауларының әйелдері күйеулерінің қоғамдағы қылмыстық дәрежесіне байланысты кем дегенде 3-8 жыл лагерьлерге қамауға алынады» деген үкіміне қарамастан, бұл жерде ең алдымен сол «халық жауы» делінген күйеуінің қоғамға қаншалықты қауіпті екендігіне орай, оның әйеліне жаза мерзімі тағайындалатын. Мысалы, қылмысы ауыр ретінде күйеуіне ату жазасы тағайындалғандардың әйелдері 8 жылға, ал күйеуі қылмысының жеңілдігіне орай жазасын лагерде өтеп жатқан болса, әйелі 3 жылға лагерьге жіберілетін еді. Бұдан тағы да Кеңес билігінің әйелдерге Қазан төңкерісінен кейін тәуелсіздік сыйлағанымен, шындап келгенде, оны ерінен бөлек тұлға ретінде қарастырмағаны анық көрінеді.

БКП(б) ОК Саяси бюросы 1938 жылдың 15 қыркүйегінде «ПХК ұсынысы бойынша контррев. ұлттық контингенттердің әлі қарастырып үлгермеген істерін КСРО ПХК 1937 жылғы – № 00485, 00439, 00593 және 1938 жылғы – № 302, 326 бұйрықтарына орай жергілікті жерлердегі Ерекше Үштіктер қарауына беру туралы шешім қабылдады. Ерекше Үштіктердің құрамы: Бүкілодақтық большевиктік коммунистік партиясы (БКП(б)-ы) облыстық комитетінің бірінші хатшысы, немесе

жергілікті коммунистік партиясы өлкелік комитетінің өкілі; Ішкі істер халық комиссариатының бастығы және облыс, өлке, республика Прокурорынан тұратын [Саяси қуғын-сүргін, 2023: 12].

КСРО ІХК 1937 жылғы 17 қыркүйектегі №00606 бұйрығына орай «Ерекше үштіктер бірінші санаттағыларға қатысты шешімдерін дереу іске асыра алады» делінді. Міне осы бұйрыққа жүгіне отырып, Ерекше үштіктер шешімімен ҚазКСР-де 5 769 адам айыпталып, олардың 5 233-ші ең жоғарғы жаза атуға, ал қалған 536-сы басқа жазалауларға тартылды. Сонымен Қазақстанда жаппай қуғын-сүргін кезеңінде мемлекетке қарсы қылмыс жасады деген негізсіз айыппен сот арқылы да, сотсыз да дәл осы 20-50 жылдар аралығында 118 мың адам (олардың 20 пайызы – ату жазасына кесілгендер) жазаланды.

Сол себепті, Орталықта жүргізіліп жатқан қуғын-сүргін шаралары Қазақстанның да барлық аймақтарында күйеулерінің кінәсі үшін әйелдері де жазаға тартылып, еңбекпен түзеу лагерьлеріне кінәләрін өтеуге жіберілді. Бұл туралы Орталық Комитеті Саяси Бюросының отырысында: «Отан сатқындарының барлық әйелдерін, оңшыл-троцкистік, тыңшылық-диверсиялық ұйымның мүшелерін кем дегенде 3-8 жылға лагерьлерге қамауға алу туралы» Ішкі істер халық комиссариатына «аса құпия» белгісі бар тапсырма берілді [Реабилитация..., 1991: 461].

«Отанына опасыздық жасаған» айыптылардың әйелдерінің еңбекпен түзеу лагерлеріне жаппай жіберілуіне және оларға тағылған саяси айыптардың ауырлығын ескере отырып, әйелдерге арналған арнайы режимдегі лагерьлерді құру қажеттілігі туындады. Бұл шара кеңестік репрессиялық жүйенің гендерлік сипаттағы жазалау тетіктерін институционалдық тұрғыда бекітуімен ерекшеленді.

Жалпы одақ бойынша әйелдерге арналған төрт лагерь құрылды: Темляковский лагерьі, Жангирер лагерьі, Темниковский және «26 нүкте» немесе «АЛЖИР» [Шаймуханов, Шаймуханова, 1997: 175]. Қарағанды лагерьінің (Карлаг) Ақмоланың жанындағы арнаулы бөлімі №26-шы еңбекпен түзеу Долинка поселкасында 1937 жылдың 3 желтоқсанында Кеңестік социалистік Республикалар одағы Ішкі істер халық комиссариатының шығарған бұйрығы негізінде құрылды [Кукушкина, 2001: 15]. Лагерь тұтқындары өздері жасаған саман барактарда антисанитарлық жағдайда өмір сүрді: төсектердің үстіне қамыс төсеп, оны төсеніш пен отын ретінде де қолданды. Бүргелері бар барактардың қыста ішкі температурасы –3-ке әрең көтерілгендіктен әйелдер пешті күні-түні кезекпен қадағалап отыратын. Тамақ ретінде әйелдерге бір үзім нан мен көже берілетін. АЛЖИР-ге 3 жылға жіберілген «Қазақстан» баспасының директорының орынбасары Абат Әлібаевтың әйелі Зағипа Тінәлина лагерьдегі азапты күндері туралы – «ертеңгісін және кешкісін сапқа тұрғызып қойып тексеру, одан айдауылмен, итін өршілендіре дірдектетіп қара жұмысқа апарды, алып қайтады. Ауыр жұмыстан, аштықтан әлсіреп сүйретіле түннің бір уағында бөстекшелерімізге құлаймыз... Бәрінен қиыны – өнбойы ашқұрсақ жадауымыз. Мен мал бақтым. Күзде қамыс орамыз, белуардан мұздай су кеше орақпен қамыс орып баулаймыз. Норма – 140 бау, күніге. Орындасаң – 700 грамм нан аласың. Орындамасаң... адамда жалғыз-ақ арман болады екен: нанға тою! Күздің қара суығында (Арқаның күзінің өзі оңтүстіктің қысына бергісіз ғой!), үсті-басымыз судан малшына (оны кептіріп, құрғатып немесе басқа киіммен алмастырып алатын жағдай қайда?), жататын орынға ораламыз. Таң сәріде қамысқа қайта дірдектеп кетеміз», – деп қайғымен еске алады [Құмарова, 1993: 195–196].

Карлаг Басқармасы бастығының (Долинка селосы), ІХК-ның Карлаг Ақмолалық арнайы бөлімі бастығының (Ақмола қ. №26 поселкасы) баянхатында көрсетілген деректерге сәйкес, арнайы бөлімшелерде қамауда болған адамдардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы аса ауыр деңгейде болғаны анықталды. Кінәләрін өтеушілер орналастырылған барактар мен қосалқы бөлмелердің қыс мезгіліне техникалық тұрғыдан дайындалмауы, жылыту жүйесінің болмауы олардың өмір сүруіне тікелей қауіп төндірген. Қысқы кезеңде қатты аяз салдарынан асхана ішіндегі ауа температурасының –35 градусқа дейін төмендеуі санитарлық-гигиеналық талаптардың өрескел бұзылғанын көрсетеді.

Қамаудағылардың басым бөлігі маусымдық киім-кешекпен толық қамтамасыз етілмей, жартылай жалаңаш күйде болған, бұл олардың күнделікті қозғалысын, соның ішінде тамақтану пункттеріне жетуін айтарлықтай қиындатқан. Мыңнан астам тұтқынның жалаңаш тақтай үстінде түнеуге мәжбүр болуы адам төзгісіз жағдайлардың қалыптасқанын дәлелдейді. Ауа температурасы – 40 градусқа дейін төмендеген кезеңде ауыр еңбекке тартылған тұтқындардың арасында үсікке шалдығу жағдайлары жаппай тіркелген. Нәтижесінде бес күн ішінде 89 адамның үсік алғаны, олардың 39 бірінші дәрежелі үсік белгілерінің анықталғаны лагерь басшылығының есебінде көрсетілген.

Сонымен қатар азық-түлікпен қамтамасыз ету жүйесінің тиімсіз ұйымдастырылуы қамаудағылардың физикалық жағдайын одан әрі нашарлатқан. Кейбір кезеңдерде төрт мыңға жуық

адамның тіпті ең қарапайым азығы – нанмен де қамтамасыз етілмегені тіркелген [ҚО ПЖҚСААО 16 қ., 1-т., 209-іс, 118-п.]. Аталған деректер жазалау мекемелеріндегі әлеуметтік саясаттың жүйелі дағдарысын, адам құқықтарының жаппай бұзылғанын және тұтқындарға қатысты қолданылған қуғын-сүргіннің шектен тыс қатал сипатын айқын көрсетеді.

ГУЛАГ жүйесінде осындай адам төзгіссіз жағдайда 18 мыңға жуық әйел жазаларын өтеді. Солардың арасында, қазақтан шыққан мемлекет және қоғам қайраткері Сұлтанбек Қожановтың әйелі Күлэнда Қожанова, Ресей Кеңес Социалистік Республикалар Федерациясы Халық Комиссарлары Кеңесі төрағасының орынбасары Тұрар Рысқұловтың әйелі Азиза Рысқұлова, Қазақстан мәдениет халық комиссары Темірбек Жүргеневтің әйелі Дәметкен Жүргенева, Қазақ аудандық комитетінің баспа бөлімінің меңгерушісі Зарап Темірбековтың әйелі Сахиб-Камал Назарова, жазушы Бейімбет Майлинның әйелі Гүлжамал Майлина, Қазақ АКСР Денсаулық сақтау халық комиссары Санжар Асфендияровтың әйелі Рабиға Асфендиярова, әнші Лидия Русланова, маршал Тухачевскийдің әйелі жазушы Галина Серебрякова, жазушы Борис Пильняктың әйелі Кира Андронникошвили, Юрий Трифоновтың әйелі Евгения Лурье, Болат Оқуджава мен Майя Плисецкаяның да аналары және т.б. «ОСОМ» санатындағы жазаларын өтеушілер ретінде АЛЖИР лагерінде 3-8 жылға қамалды.

АЛЖИР-де бір мезгілде 8 мыңға жуық әйел отырған. Зерттеулер нәтижесінде лагерьде барлығы 41 ұлт өкілдері жазаларын өтегендігі анықталды. Олардың ішінде көбі орыстар – 4 390 (50 %), еврейлер – 855 (20 %), украиндар – 740 (15 %) және қазақ – 87 (2 %) әйелдері болды. Сонымен қатар, лагерьде неміс, француз, швед, жапон, норвег, австриялық, поляк, грузин, армян, әзірбайжан, литован, латыш және т.б. ұлттың әйелдері жазасын өтеген. «АЛЖИР»-де 600-ге жуық (нақты саны анықталып жатыр) әйел қайтыс болған [Кукушкина, 2008: 84].

Сталиндік қуғын-сүргін билікке қарсы келгендерді аяусыз жазалады. Онымен қоса, отбасы институты да бұзылып, туысқандық қатынастардың ажырауына да кері әсерін тигізді. Мәселен, қуғын-сүргінге алғашқылардың бірі болып ілінген Нығмет Нұрмақовтың әйелі Зуфнун «халық жауының» әйелі ретінде 4 ай Бутырка түрмесінде отырып шықты. З. Нұрмақова 1937 жылы 8 жылға сотталып, алдымен Темников лагерінде, одан соң Карелиядағы Сегеж лагерінде отырып, ақырында 1941 жылы Қазақстандағы АЛЖИР лагеріне жіберілді. Ал олардың қыздары Тамара балалар үйінде қайтыс болды.

Азиза Рысқұлованы аяғы ауыр болғанына қарамастан, күйеуінің артынан ертесіне тұтқындады. Қыздары Рита жалғыз кісілік камерада дүниеге келді. ПХК-ның ресми бұйрығына сәйкес, жазалау шараларынан босатылатын санатқа жатқызылатынына қарамастан, А.Рысқұлова емізулі баласымен алғашында Карлагқа, одан соң АЛЖИР-ге 10 жылға айдалды.

1923-1937 жылдар аралығында Ақтөбе губерниясында Кеңес үкіметінің әйелдер арасындағы сауатсыздықты жою, мәдени-ағарту науқандарына белсене араласқан, коммунистік партия мүшесі болғанына қарамастан, Амина Табиеваға да «ОСОМ» санаты бойынша айып тағылып, кеңестік жүйе АЛЖИР-ге айдалды. Ал, қараусыз қалған үш баласын ПХК-ты балалар үйіне өткізді [Қасабекова, 2013:150-151].

Балалар үйінде де жағдай ауыр болды: балалар аштықтан және антисанитариядан өліп жатты. «Халық жауының» балаларына деген қарым-қатынас та өзгеше еді. Бейкүнә балаларды ұрып-соғып, тегін ауыстыруға, туыстарын айыптауға итермеледі. АЛЖИР-дың жанындағы балалар үйінде қыста өлген балаларды жерлеу үшін күн жылып, мұз ерігенге дейін ағаш бөшкеде сақтап отырған.

Кеңестік жүйе орныққаннан бастап жетім балаларды қолға бермей, оларды «коммунизм жолында тәрбиелеу» аса маңызды болды.

Осылайша, саяси қуғын-сүргін туыстық қатынастардың үзілуіне әкеліп соқты. Қоғамдағы отбасы рөлінің құндылығы өзгеріске ұшырады. Отбасы мүшелерінің өзіндік тұлғалық маңыздылығы жойылып, қатыгез жалған айып пен жала жабу үрдісі белең алды. Қуғын-сүргін құрбандарының естеліктерінде жетімдік, аштық, қорлау мен үрей байқалады. Көптеген отбасы мүшелері жанын аман сақтап қалу үшін өз тегін ауыстыруға мәжбүр болған. Соның бір мысалы, П.Д. Гришкovanың қуғын-сүргінге ұшыраған отбасылардың қасіретті тағдыры естелігінде келтіріледі. Оның айтуынша, әкесінің тұтқындалуынан кейін отбасы мүшелері «халық жауының балалары» ретінде қоғамдық оқшаулауға ұшырап, ауыр тұрмыстық қиындықтар күрт күшейген.

Автор анасы мен балаларының күнделікті өмірінде қорлау, аштық және шамадан тыс ауыр еңбек кеңінен орын алғанын атап өтеді. Соған қарамастан, олар тіршілік ету үшін әртүрлі амалдарға жүгініп, өмірін сақтап қалуға тырысқан. 20–21 жасында П.Д. Гришкова Ішкі істер министрлігіне қарасты асханада бастапқыда ыдыс жуушы, кейіннен аспаз қызметін атқарған. Алайда белгілі бір

уақыттан соң «халық жауының қызы» деген айыптаумен құқық қорғау органдары тарапынан тексеріске ұшырап, әкесінің тағдыры жөнінде жалған мәлімет беруге мәжбүр болғанын еске алады. «Әкем туралы бірден өтірік айттым, оның қашан және неден өлгенін білмеймін дедім. Шындықты айтсам, әкемнің тағдыры мені де күтіп тұрғанын түсіндім» деп жазды. Соның салдарынан П.Д. Гришкованың өзі жалған ақпарат таратты деген негізбен қызметінен босатылып, кейіннен өзге мекемелерден жұмыс іздеуге мәжбүр болған [Козыбаева, 2017: 152–158]. Аталған дерек кеңестік қуғын-сүргін жылдарында жазаланғандардың отбасы мүшелері де жүйелі түрде кемсітушілікке, әлеуметтік қысымға және құқықтық шектеулерге ұшырағанын айғақтайды.

Бұл тек қазақ әйелдерінің ғана басына түскен нәубет емес, бүкіл Кеңес одағындағы жағдай осындай болатын. Мысалы, Қазақстандағы республикалық Бас прокуратураның спецархивінде Совет Одағының маршалы М.Н. Тухачевскийдің қарындасы Елизавета Николаевна Арватованың «ОСОМ» мүшесі ретіндегі анкетасы сақталған. 1937 жылдың 14 шілдесінде «КСРО ПХК-нің Ерекше кеңесінің шешімімен сотталған» делінген, алдымен Бутырка түрмесінде, кейіннен Карлаг-қа жіберілген. Дәл осылай маршал Блюхердің әйелі – Глафира Лукинична Блюхер, белгілі ақын Эдуард Багрицкийдің әйелі – Лидия Густавовна Багрицкая, Мариетта Ростиславовна Капнист және тағы басқалар Карлаг лагерінің АЛЖИР, Спасск, Долинка, Чурбай-Нуриинский, Бидаик, Карабас және осы сияқты басқа да бөлімшелік лагерлерінде ауыр жұмыс істеп, жазаларын өтеген болатын [Книга Памяти жертв..., 2023: 419].

«Узницы «АЛЖИРА» атты еңбекте 1938–1953 жылдар аралығында «Отан сатқындарының отбасы мүшелері» ретінде Ақмола лагері жүйесінде жазасын өтеген қазақстандық әйелдер туралы құнды деректер келтіріледі.

Архивтік деректерге сәйкес, Сахиб-Камал Назарова 1908 жылы Ақмола өңірінде дүниеге келген. 1938 жылы КСРО ПХК жанындағы Ерекше кеңестің шешімімен «ОСОМ» санаты бойынша сегіз жылға еңбекпен түзеу лагеріне сотталып, Алматы түрмесінен Ақмола лагеріне жеткізіліп, 1946 жылы бостандыққа шыққан. Назарованың жұбайы – журналист, партия қызметкері Зарап Темірбеков 1938 жылы ату жазасына кесіліп, кейіннен ақталған. Қуғын-сүргін салдарынан балалары жетімдер үйінде тәрбиеленіп, отбасылық байланыстар ұзақ жылдарға үзілген. Кейінірек қызы Алма Зараповна ғылым саласында елеулі жетістіктерге жетіп, мәдениет пен өнер саласының көрнекті өкіліне айналған.

Сондай-ақ аталған еңбекте Сақан (Сахан) Такежанованың тағдыры да баяндалады. Ол 1910 жылы Ақмолада білімі төмен, шаруалар отбасында дүниеге келген. 1937 жылы Алматы қаласында тұрып жатқан кезінде «Отан сатқындарының отбасы мүшесі» ретінде тұтқындалып, сегіз жыл мерзімге «АЛЖИР» лагеріне жіберілген, лагерьде ауыр жұмыстарға тартылған. Оның отбасы мүшелері де қуғынға ұшырап, кәмелетке толмаған қызы анасымен бірге лагерьде болған. С. Такежанова 1945 жылы босатылып, 1958 жылы толық ақталған [Саяси қуғын-сүргін, 2023: 280].

Бұл деректер кеңестік репрессия жылдарында қазақ әйелдерінің әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, жазалау жүйесінің құрбанына айналғанын, сондай-ақ «ұжымдық жауапкершілік» қағидатының отбасыларды толық күйреткенін айқын дәлелдейді. Сондай-ақ, жоғарыда келтірілген деректер әйелдердің өзі ғана емес балаларының да қаншалықты зардап шеккендіктерінен хабар береді.

Қорытынды. Кеңестік жүйенің тоталитарлық тәртіпке көшуі қазақ халқына бұрын соңды болмаған бейбіт замандағы алапат қанды қырғынды алып келді. Конституциялық құқық пен азаматтық заң нормалары өрескел бұзылып, жаппай қуғын-сүргінге жол ашылып, басында сот арқылы үкім шығарылса біртіндеп ендігі жерде Үштіктің шешімімен ату жазасына сол мезетте жіберіле беретін. Ал, түрлі айдарлар тағылып «жапон тыңшысы», «оңшыл троцкишіл», «халық жауы» және т.б. деп жазаға тартылғандардың өздері ғана емес олардың отбасыларына да кінә тағылып, қылмыскерлер, отанын сатқандардың әйелдері, балалары ретінде жазалау және еңбекпен түзеу лагерлеріне тоғытылып, еш сұрауы мен құқы жоқ, тегін еңбек күші ретінде пайдаланылды. Қазақ жеріндегі АЛЖИР, Карлаг, Степлаг және тағы басқа лагерлердің алып жатқан жер көлемі тіпті Францияның бүкіл аумағынан да үлкен еді. Қаншама жылдар өтсе де, осындай қасіретті кезеңнен аман қалғандардың өзі сол кезді түршіге еске алып, жан-жарасы әлі жазылмай келеді.

Кеңес билігі орныққаннан кейін үгіт-насихат жолымен дереу әйелдердің қоғамдағы теңдік құқығын нығайтуға шақырды. Әйелдер эмансипациясы ХХ ғасырдың 20–30-жылдарында кеңес элементіндегі ең жарқын тақырыптардың біріне айналды. Алайда уақыт өте келе, бұл лозунгтардың

астарында большевиктердің әйелдерді социалистік мемлекет құрудағы қосымша тетік ретінде ғана қарастырғанды айқындалды.

Сталиндік кезеңде «интеллигенцияны қудалау» саясаты басталған тұста мемлекеттік деңгейде жарияланған «әйелдер теңдігі» науқаны өз мазмұнынан айрылып, іс жүзінде формалды сипатқа ие болғанын көрсетті, бұл оның декларативті ұстанымдармен шектелгенін көрсетеді.

Осылайша, кеңестік тоталитарлық жүйе «билікке кедергі келтірген» зиялы қауым өкілдерінің ғана көзін жойып қана қоймай, онымен қоса олардың барлық отбасы институтын жойып, адами құқықтарынан айыруды көздеді. Қуғын-сүргін жеке тұлғалармен шектелмей, олардың отбасы мүшелерін де қамтыған ұжымдық жазалау тәжірибесіне ұласты. Бұл жағдай әйелдердің құқықтық мәртебесін күрт төмендетіп, кеңестік идеология жариялаған «әйелдер теңдігі» ұғымының шынайы мазмұннан ажырап, тек саяси риторика деңгейінде қалғанын айқындады.

«ОСОМ» санатына жатқызылған әйелдер мен балалардың тағдыры кеңестік репрессиялық саясаттың адамгершілікке қарсы сипатын және оның қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымына, демографиялық дамуына, сондай-ақ ұжымдық тарихи жадқа тигізген ұзақмерзімді зардаптарын айқын көрсетеді. Бұл зұлмат кезеңнің салдары бүгінгі күнге дейін қоғамдық санада терең із қалдырып, тоталитарлық жүйенің адам құқықтарын жүйелі түрде таптағанын дәлелдейтін тарихи сабақ ретінде бағалануға тиіс.

Дереккөздер

ҚРПА – Қазақстан Республикасының Президент архиві
 ҚРОМА – Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік архиві
 ҚО ПжҚСААО – Қарағанды облысы Прокуратурасы жанындағы құқықтық статистика мен ақпараттар архиві орталығы

Әдебиеттер

Анашкин, 1969 – Анашкин Г.З. Ответственность за измену Родине и шпионаж. М.: Юридическая литература. 1969. 226 с.

Волкогонов, 1989 – Волкогонов Д.А. Триумф и трагедия. Кн.1. Ч. II. М.: Изд-во АПН, 1989. 209 с.

Книга Памяти жертв, 2023 – Книга Памяти жертв политических репрессий. Сборник воспоминаний и интервью очевидцев и потомков, пострадавших от политических репрессий 20-50-х годов XX века / Сост.: Айдарбаева Р.К., Балтабаева К.Н., Гривенная Л.А., Илясова А.У., Ильясова К.М., Жакишева С.А., Қыдыралина Ж.У., Махаева А.Ш., Махат Д.А., Сактаганова З.Г., Танатарова Ж.Т., Глеубаев Ш.Б., Шаповал Ю.В., Шериязданов Б.Р. Алматы: «Литера-М», 2023. 712 с.

Козыбаева, 2017 – Козыбаева М.М. Политические репрессии 1936–1938 гг. в жизни городского населения Северного Казахстана. Новые имена и факты в истории массовых политических репрессий в Казахстане и Западной Сибири в 1920-1950-х гг. Сборник материалов Международной научно-практической конференции. Астана: Полиграфия «Enter Group», 2017 С. 152–158.

Кукушкина, 2001 – Кукушкина А.Р. История создания и функционирования Акмолинского лагеря жен «Изменников Родины» (30-40 гг. XX века): автореф. ...канд. ист. наук. Караганда, 2001. 28 с.

Кукушкина, 2008 – Кукушкина А.Р. Акмолинский лагерь жен «изменников Родины»: история и судьбы. Караганда, 2008. 248 с.

Құмарова, 1993 – Құмарова Ш. Зағипа Тінәлина. Алғашқы қарлығаштар. Алматы: Қазақстан, 1993. 196 б.

Ленин, 1977 – Ленин В.И. Основные положения хозяйственной и в особенности банковской политики // Ленин В.И. Полн. собр. соч. Т. 36. М.: Политиздат, 1977. 217 с.

Мемориал, 1999 – Мемориал: Информационный бюллетень Правления Международного историко-просветительского, благотворительного и правозащитного общества «Мемориал». М., 1999. № 12. С. 21–23.

Реабилитация, 1991 – Реабилитация. Политические процессы 30-50-х годов / Под общ. Ред. А.Н. Яковлева. М.: Политиздат, 1991. 461 с.

Саяси қуғын-сүргін, 2023 – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары) = Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20-50 годы XX

века). Т. 45: Осужденные без вины. Карагандинская область. Сборник документов и материалов. Составители: Д.А. Джумабеков, С.В. Елеуханова, В.В. Козина, Т.Т. Аршабеков, М.С. Жакин, Ә.Б. Жағыпар, А.А. Тажигулов, О.Е. Беркун, И.Д. Хлебников, Д.Б. Малаев, А.Р. Апакашева, Ф.Д. Саккулакова / Под общ. ред. Е.Т. Карина. Астана, 2023. 344 с.

Сборник материалов, 2021 – *Сборник материалов* международной научно-практической конференции «Актуальные проблемы аграрной истории Казахстана в Советский период: власть и общество». Алматы: институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, 2021. 112 с.

Серебрякова, 1989 – *Серебрякова Г.* Смерч // Дело № ... Летопись горького времени Алматы: Жазушы, 1989. 64 с.

Шаймуханов, Шаймуханова, 1997 – *Шаймуханов Д., Шаймуханова С.* Женщины-узницы Карлага // Индустриальная Караганда. 1997. 2 декабря.

Sources

AP RK – Qazaqstan Respublikasynyn Prezident arhivi [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]

CSA RK – Qazaqstan Respublikasy Ortalyq Memlekettik arhivi [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]

CLSIAA PRKR – Qaragandy oblysy Prokuraturasy zhanyndagy quyqytyq statistika men aqparattar arhivi ortalygy [Center of Legal Statistics and Information Archives under the Prosecutor's Office of Karaganda Region]

References

Anashkin, 1969 – *Anashkin G.Z.* Otvetstvennost za izmenu Rodine i shpionazh [Responsibility for Treason against the Motherland and Espionage]. Moscow: Yuridicheskaya literatura, 1969. 226 p. [in Russian]

Volkogonov, 1989 – *Volkogonov D.A.* Triumf i tragediya [Triumph and Tragedy]. Book 1, Part II. Moscow: APN Publishing House, 1989. 209 p. [in Russian]

Kniga Pamyati zhertv, 2023 – *Kniga Pamyati zhertv politicheskikh repressii.* Sbornik vospominanii i intervyyu ochevidtsev i potomkov, postradavshikh ot politicheskikh repressii 1920–1950-kh godov [Book of Memory of the Victims of Political Repressions. Collection of Memoirs and Interviews of Eyewitnesses and Descendants Affected by Political Repressions of the 1920s–1950s]. Compiled by R.K. Aidarbaeva, K.N. Baltabaeva, L.A. Grivennaya, A.U. Ilyasova, K.M. Ilyasova, S.A. Zhakisheva, Zh.U. Qydyralina, A.Sh. Makhaeva, D.A. Makhat, Z.G. Saktaganova, Zh.T. Tanatarova, Sh.B. Tleubaev, Yu.V. Shapoval, B.R. Sheriyazdanov. Almaty: Litera-M, 2023. 712 p. [in Russian]

Kozybaeva, 2017 – *Kozybaeva M.M.* Politicheskie repressii 1936–1938 gg. v zhizni gorodskogo naseleniya Severnogo Kazakhstana [Political Repressions of 1936–1938 in the Life of the Urban Population of Northern Kazakhstan]. In: *Novye imena i fakty v istorii massovykh politicheskikh repressii v Kazakhstane i Zapadnoi Sibiri v 1920–1950-kh gg.* Proceedings of the International Scientific and Practical Conference. Astana: Enter Group Printing, 2017. Pp. 152–158. [in Russian]

Kukushkina, 2001 – *Kukushkina A.R.* Istoriya sozdaniya i funktsionirovaniya Akmolinskogo lagerya zhen “Izmennikov Rodiny” (1930–1940-e gg. XX veka) [History of the Creation and Functioning of the Akmolinsk Camp of Wives of “Traitors to the Motherland” (1930s–1940s)]. Author's abstract of Candidate of Historical Sciences dissertation. Karaganda, 2001. 28 p. [in Russian]

Kukushkina, 2008 – *Kukushkina A.R.* Akmolinskii lager zhen “izmennikov Rodiny”: istoriya i sudby [Akmolinsk Camp of Wives of “Traitors to the Motherland”: History and Fates]. Karaganda, 2008. 248 p. [in Russian]

Kumarova, 1993 – *Kumarova Sh.* Zagipa Tinalina [Zagipa Tinalina]. In: *Algashky karlygashtar* [The First Swallows]. Almaty: Kazakhstan, 1993. 196 p. [in Kazakh]

Lenin, 1977 – *Lenin V.I.* Osnovnye polozheniya khozyaistvennoi i v osobennosti bankovskoi politiki [Fundamental Principles of Economic and Especially Banking Policy]. In: *Lenin V.I. Polnoe sobranie sochinenii* [Complete Works]. Vol. 36. Moscow: Politizdat, 1977. 217 p. [in Russian]

Memorial, 1999 – *Memorial: Informatsionnyi byulleten Pravleniya Mezhdunarodnogo istoriko-prosvetitel'skogo, blagotvoritel'nogo i pravozashchitnogo obshchestva “Memorial”* [Memorial: Information Bulletin of the Board of the International Historical, Educational, Charitable and Human Rights Society “Memorial”]. Moscow, 1999. No. 12. Pp. 21–23. [in Russian]

Reabilitatsiya, 1991 – *Reabilitatsiya. Politicheskie protsessy 1930–1950-kh godov* [Rehabilitation. Political Trials of the 1930s–1950s]. Edited by A.N. Yakovlev. Moscow: Politizdat, 1991. 461 p. [in Russian]

Sayasi qugin-surgin, 2023 – *Sayasi qugin-surgin qurban-daryn tolyq aq-tau zhonindegi Memlekettik komissiyany materialdary (XX gasyrdyn 20–50 zhyldary)* [Materials of the State Commission for the Full Rehabilitation of Victims of Political Repressions (1920s–1950s)]. Vol. 45: *Osuzhdennye bez viny. Karagandinskaya oblast* [Convicted without Guilt. Karaganda Region]. Compiled by D.A. Dzhumabekov et al.; ed. by E.T. Karin. Astana, 2023. 344 p. [in Kazakh and Russian]

Sbornik materialov, 2021 – *Sbornik materialov mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii “Aktualnye problemy agrarnoi istorii Kazakhstana v Sovetskii period: vlast i obshchestvo”* [Proceedings of the International Scientific and Practical Conference “Topical Issues of Agrarian History of Kazakhstan in the Soviet Period: Power and Society”]. Almaty: Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, 2021. 112 p. [in Russian]

Serebryakova, 1989 – *Serebryakova G. Smerch* [Whirlwind]. In: *Delo № ... Letopis gorkogo vremeni* [Case No. ... Chronicle of a Bitter Time]. Almaty: Zhazushy, 1989. 64 p. [in Russian]

Shaimukhanov, Shaimukhanova, 1997 – *Shaimukhanov D., Shaimukhanova S. Zhenshchiny-uznitsy Karlaga* [Women Prisoners of Karlag]. Industrialnaya Karaganda, 2 December 1997. [in Russian]

МАЗМУНЫ/СОДЕРЖАНИЕ/CONTENT
 ОТАН ТАРИХЫ. 2026. Т. 29. № 2

| | |
|--|-----|
| Мамытова С.Н. ФОРМИРОВАНИЕ СОЦИОКУЛЬТУРНОГО ОБЛИКА ПАВЛОДАРСКОГО ПРИИРТЫШЬЯ В 1930–1940-Е ГОДЫ..... | 429 |
| Ахметжан К.С. ТИПОЛОГИЯ ТРАДИЦИОННЫХ НАВЕРШИЙ КАЗАХСКИХ РЕЛИГИОЗНЫХ И ВОЕННЫХ ЗНАМЕН..... | 447 |
| Бабаджанов Б.М., Нурманова А.Ш. «ЖЕЛЕЗНАЯ ПАМЯТЬ» ЗА «ЖЕЛЕЗНЫМ ЗАНАВЕСОМ»: КАЗАХСКИЕ НАДГРОБИЯ СОВЕТСКОГО ВРЕМЕНИ КАК МАРКЕРЫ СОЦИАЛЬНОЙ ПАМЯТИ..... | 473 |
| Yergali S.A., Kolukisa H., Shaldarbekova A.B. THE INSTITUTION OF «ZHETI ATA» IN KAZAKH SOCIETY AS A MECHANISM OF SOCIAL REGULATION AND KINSHIP ORGANIZATION..... | 488 |
| Toraigyrov Ye.M. TOPICAL ISSUES OF THE IRTYSH TEN-VERST STRIP IN THE WORKS OF MODERN TIMES..... | 502 |
| Абуов Н.А., Картова З.К., Алимжанов А.Х. УСЛОВИЯ ПРЕБЫВАНИЯ СОВЕТСКИХ ВОЕННОПЛЕННЫХ В ФАШИСТСКОМ ПЛЕНУ НА ТЕРРИТОРИИ БЕЛАРУСИ..... | 516 |
| Әуелбеков М.Б., Бахар Х. XII–XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ УРБАНИЗАЦИЯ ҮДЕРІСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ..... | 533 |
| Черниенко Д.А. ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ И ПОВСЕДНЕВНАЯ ЖИЗНЬ Х.А. АРГЫНБАЕВА В ПИСЬМАХ ЕГО КОЛЛЕГ-ЭТНОГРАФОВ..... | 548 |
| Iskakova G.Z., Assylbekova A.Z. SHAKARIM KUDAIBERDIULY AND KAZAKH NATIONAL MEMORY | 564 |
| Құндызбай Д.Қ., Кенжебаев Ғ.Қ. ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЖЕТІСУ Өңірінен Қытайға босқыншылығы (XX ғ. 30 жж.)..... | 576 |
| Конкабаева Н.Н., Абдрахманова К.Х. О ТРАКТОВКЕ ЛЕКСЕМ «ТЕНГРИ», «УМАЙ» В КОНТЕКСТЕ ВЕРОВАНИЙ МАМЛЮКОВ-КЫПЧАКОВ В XI–XIV ВЕКАХ..... | 590 |

| | |
|---|-----|
| Сулейменова А.Т. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ 1920–1930-ЖЫЛДАРДАҒЫ «ПАРТИЯЛЫҚ ТАЗАЛАУЛАР» КЕЗІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ..... | 602 |
| Молотова Г.М. ТРАНСФОРМАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ В ТРАДИЦИОННОЙ КУЛЬТУРЕ ТЮРКОВ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ (НА ОСНОВЕ ПИСЬМЕННЫХ ПАМЯТНИКОВ XII–XIII ВЕКОВ)..... | 619 |
| Мейрманова Г.А., Бейсегулова А.Қ., Алдекен А.С. ҚАЛЫҢМАЛ – ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ИНСТИТУТ: ТАРИХЫ МЕН ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ..... | 629 |
| Алимбай Н. ОДЕЖДА КАЗАХОВ-КОЧЕВНИКОВ (XVIII – ПЕРВОЕ ДЕСЯТИЛЕТИЕ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ)..... | 642 |
| Бахтыбаев М.М., Қожас М.Б., Сиздиков Б.С. ГОРОДИЩЕ СЫГАНАК: ДАТИРОВКА ПАМЯТНИКА ПО РЕЗУЛЬТАТАМ РАДИОУГЛЕРОДНОГО АНАЛИЗА..... | 695 |
| Шынтаев Н.А., Мусабалина Г.Т., Джолдыбаев Ж.Т. ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІ: ПОСТКЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК- ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР (1991–2023 ЖЖ)..... | 713 |
| Шашаева М.А. ЖАЗЫҚСЫЗ ЖАЗАЛАНҒАНДАР: «ОТАН САТҚЫНДАРЫНЫҢ ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫНЫҢ ӘЙЕЛДЕР ТАҒДЫРЫНА ТИГІЗГЕН АУЫР ӘСЕРІ..... | 724 |
| Шолахов М.Г., Габдусалимова М.Г. АНАЛИЗ ЗАПАДНОЕВРОПЕЙСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ ОБ ЕДИГЕ..... | 735 |
| Есен С.Ғ. МӘЛЕНБЕРЛІ ҚОРЫМЫ: ЭТНОАРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ..... | 755 |
| Жетібаев К.М., Қожас М.Б., Әлімбекұлы Ә. ҚҰЙРЫҚТӨБЕ (КЕДЕР) ҚАЛАСЫНЫҢ РАБАД АУМАҒЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР..... | 764 |
| Муратбаева А.Б. ҚАРАҚАЛПАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ: ТАРИХИ-МӘДЕНИ АСПЕКТ..... | 777 |

- Оспанова Д.К., Тебаев Д.Б., Мағауянов Д.А.**
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҮКІМЕТТІК ЕМЕС
ҰЙЫМДАРДЫҢ 1991–2011 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ
ДАМУ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ.....787
- Қуанбай О.Б. Мурзаходжаев Қ.М.**
ЖАПОНИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ
ДАМУ ҮРДІСТЕРІ БАҚ БЕТТЕРІ НЕГІЗІНДЕ (1990–2025).....805
- Алибек С.Н., Қудайбергенова А.И., Тажмуханова Н.Е.**
РЕПРЕССИВНАЯ ПОЛИТИКА СТАЛИНА В ПЕРИОД
КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ И РАСКУЛАЧИВАНИЯ КАК
ТРАГИЧЕСКИЙ ЭКСПЕРИМЕНТ (ПО МАТЕРИАЛАМ
ГОРОДА ЧИМКЕНТА И ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ).....817
- Жүсіпов Р.Б., Нұрышева Г.К.**
1920–1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨңІРІНДЕГІ
ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ
САЯСАТЫ (АРХИВ ДЕРЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ).....833
- Қозыбаева М.М., Жалмағамбетов Е.Ә.**
КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ
ҚҰҚЫҚТАРДАН АЙЫРУ ТӘЖІРИБЕСІ: «АЙЫРЫЛҒАНДАР»
МЕН «ҚҰҚЫҚСЫЗДАР» КАТЕГОРИЯЛАРЫ.....851
- Хазретәліқызы Р., Тұрсұн Х.М., Сайлаубай Е.Е.**
МІРӘЛШЕР СЕРАЛИЕВТИҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ
ҚЫЗМЕТІ МЕН МҰСТАФА ШОҚАЙМЕН
БАЙЛАНЫСЫ АРХИВТІК-ТЕРГЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ.....866
- Калыбекова М.Ч., Чакенова Б.А.**
КАЗАХИ-ВРАЧИ И ИХ ОБЩЕСТВЕННАЯ И ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ
ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В КОНЦЕ XIX И 30-Е ГОДЫ XX ВВ.878
- Рахбаев К.К., Избасарова Г.Б.**
ҚАЗАҚТЫҢ МЕШІТ САЛУ ДӘСТҮРІНІҢ ШЫҢЫРАУ КӨЗДЕРІ
(ОРТАҒАСЫРЛЫҚ МЕШІТТЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІНЕ ШОЛУ).....890
- Нурпейсова Э.Т., Байдалы Р.Ж.**
ЕЛДЕС ОМАРОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНЕ ДЕРЕКТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ.....915
- Alpysbes M.A., Arkhymatayeva A.Zh., Kara A.**
THE INFLUENCE OF THE NATIONAL IDEA ‘OYAN, QAZAQ!’
ON THE SOCIO-POLITICAL THOUGHT OF EASTERN COUNTRIES.....926
- Kochiyev E.R., Kabuldinov Z.E., Aydingün A.**
THEORIES OF DIASPORAL ETHNIC IDENTITY
IN CONTEMPORARY WESTERN HISTORIOGRAPHY (2000–2025).....939



Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты
Алматы қ., Шевченко көш., 28
Тел/факс: +7 727 261 67 19
e-mail: kazhistory@bk.ru
